

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі үш тілде білім беруді жүзеге асыру үдерісін зерттеу



Мағзұмова Арайлым
Білім беру бағдарламалары орталығы



Мақсаты

Мектептер тап болатын негізгі бөгеттер мен проблемаларды жою мақсатында **Зияткерлік мектептерде үш тілде білім беруді жүзеге асыруға** жағдай жасайтын, сонымен қатар кедергі келтіретін факторларды зерттеп, тәжірибеге негізделген ұсыныстар әзірлеу.

? Зерттеу мәселелері

1. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үш тілде білім беруді табысты жүзеге асыруға қандай факторлар кедергі келтіреді?
2. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үш тілде білім беруді табысты жүзеге асыру жолындағы негізгі бөгеттер мен кедергілерді жоюдың қандай жолдары бар?



Әдебиеттік шолу

- **«Үш тілде білім беру» ұғымына шолу** (Cenoz, Hufeisen and Jessner, 2001; Brinton, Snow, & Wesche, 2003; Lambert & Tucker, 1972; Coyle, Hood, & Marsh, 2010; Coyle, 2007; Grin, 2005; etc.).
- **Үш тілде білім берудің артықшылықтары** (Cenoz & Ruiz de Zarobe, 2015; Bialystok, 2007; Cenoz, 2003 etc.)
- **Үш тілде білім беруді жүзеге асыру жолындағы кедергілер** (Ruiz de Zarobe, 2013; Tavares, 2015; Cenoz & Ruiz de Zarobe, 2015 etc.)
- **Үш тілде білім беруді жүзеге асыруды бағалау тәжірибесі** (Genesee & Baetens Beardsmore, 2012; Lambert & Tucker, 1972; Swain & Lapkin, 1982; Cajo & Serra, 2002 etc.)
- **Үш тілде «табысты» білім берудің негізгі өлшемелі сипаттамалары** (Henn-Reinke, 2014; Lindholm-Leary, 2001; Montecel & Cortez, 2002; Berman et al., 1995 etc.)

Факторлар

1-ші кесте. Екі тілде білім беру саясатының негізін қалыптастыратын екі тілде білім берудің макро-факторлары және өзара тәуелді өзгермелілері (Baetens Beardsmore –дан бейімделген, 2009)

Жағдаяттық фактор	Операциялық фактор	Нәтижелілік фактор
Оқушылар	Білім беру бағдарламасы	Тілдер бойынша күтілетін нәтижелер
а) Оқушылардың мақсатты тобы		
б) Елдегі тілдік жағдай	Пәндер	Сауаттылық
Тілді/-дерді қолдану мүмкіндіктері	Бағалау	
а) Географиялық орналасуы		Пәндік мазмұн
б) Мектептен тыс жерде қолданылатын тіл	Оқу материалдары	
	Мұғалімдер	
Тілдердің мәртебесі	Тілдік стратегиялар	
Қарым-қатынас	Ата-аналардың қатысуы	
	Мектеп	


Әдіснама

Фокус	10 және 12 сынып оқушылары мен мұғалімдері 4 мектеп
Құжаттарды талдау	(1) Назарбаев Зияткерлік мектептерінің үш тілде білім беру саясаты; (2) Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үш тілде білім беруді жүзеге асыру бойынша нұсқаулық; (3) Кіріктірілген білім беру бағдарламасы; (4) Оқу бағдарламалары; (5) ДББҰ даму стратегиясы 2020
Онлайн сауалнама (19 мектеп)	7-12 сыныптардың 3829 оқушысы (31 %) 850 жергілікті мұғалім (37 %) 152 халықаралық мұғалім (57 %)
Сұхбат	8 фокус топ – оқушылар 9 фокус топ – жергілікті мұғалімдер 2 фокус топ – шетелдік мұғалімдер
Сабақтарды бақылау	20 сабақ – тілдік және тілдік емес пәндер




Нәтижелер

Атап айтылған зерттеу әдістерін қолдану негізінде, кейбір жағдайларды санамағанда, Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі үш тілде білім беру моделі, жалпы алғанда, күтілетін білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылып жатқаны айқындалды. Дегенмен, үш тілде білім беруді табысты жүзеге асыруға тікелей немесе жанама түрде кедергі жасайтын кейбір факторлар анықталды.



Мұғалімдер мен оқушылардың үш тілде білім беру моделін ұғыну және оған деген көзқарасы

1-ші диаграмма. Үш тілде білім беру моделі үш тілді жоғары деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді (%)




Талдау нәтижелері мұғалімдер мен оқушылардың үш тілде білім беру саясатына қатысты айтарлықтай жағымды көзқарасын айқындайды.

Сұхбаткерлер үш тілде білім берудің келесі жағымды жайттарын атап өтті:

- Тілдік дағдылардың тілдік және тілдік емес пәндер барысында дамуы;
- Бірнеше тілдің көмегімен ақпаратқа қол жеткізуі;
- Өмір мен мансаптағы маңызы.

2-ші диаграмма. Пәндерді екінші тілде/ағылшын тілінде оқу тілді және пәнді дамытуға болысады (%)



Қазақ тілінде оқытылатын оқушылар әрбір тілдің өмір мен мансап үшін маңызын айқынырақ түсінетіні айқындалды.

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу (Қазақ тілі Т2)

«Жетінші сынып пен қазіргі оныншы сыныпты салыстырғанда әлдеқайда жылжуы бар, ілгері жылжу бар. Оқи алмай отырған, түсінбей отырған балалар қазір мұғалімнің көмегінсіз оқиды, түсінеді» (Қазақстан тарихы және ҚӘҚ мұғалімі).

«...керемет таза сөйлемесе де, сыни ойлау, талдау дегенді олар өз дәрежесінде меңгеріп тұр» (Қазақстан тарихы және ҚӘҚ мұғалімі).

Прогреске қарамастан, мұғалімдер мен оқушылардың пікірі бойынша, сонымен қатар, сабақтарды бақылау барысында оқушылардың тілді, оның ішінде академиялық тілді «жоғары деңгейде» меңгеруге қол жеткізе алмайтыны айқындалды.

«Жай сөйлемдермен болсын, сөйлейді, бірақ білесіздер ме, сөйлемдері қарапайым болса да, сауатты, яғни, оларды түсінуге болады, құрылымы бар, жалғаулары да бар» (География мұғалімі).

«Нәтижелер бар, бірақ олар ... үміт артылып отырған деңгейде емес. Бітіріп шығатын орыс сыныптары сөйлемдерді қарапайым жазады; біз жазғандарын оқи аламыз, түсінеміз, алайда, пәннің ғылымилығы жоғалады. Нақты ғылымилығы» (География мұғалімі).

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу (Қазақ тілі Т2)

Негізгі қорытындылар:

- (1) Тілдік дағдыларды дамытудағы прогресс;
- (2) Тіл меңгеру деңгейін пәндерді екінші тілде оқуға жеткілікті болатындай деңгейге жеткізу;
- (3) Алайда оқушылардың көбісі тілді «еркін» деңгейде меңгеріп тұрған жоқ.

«Мысалы, мен жай мектепте оқыған кезде қазақ тілін мүлдем білмейтінмін десем болады. Ал екі жыл оқығаннан бері менің қазақ тілін білу деңгейім, өте жақсы болмаса да, айтарлықтай жоғарылады, бұл деңгей маған қазақ тілінде оқытылатын пәндерден төрт пен бес алуға жеткілікті» (0-1-10-орыс).

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу (Орыс тілі Т2)

Негізгі нәтижелер:

- (1) Оқушылардың басым бөлігінің тіл дағдыларын айтарлықтай жоғары деңгейде меңгеруі;
- (2) Тіл меңгеру деңгейін пәндерді екінші тілде оқуға жеткілікті болатындай деңгейге жеткізу;
- (3) Академиялық тіл деңгейіне қол жеткізу.

Мұғалімдердің орыс тілін екінші тіл ретінде меңгеру, аймақтық ерекшеліктерге қарамастан, аса қиыншылық тудырмайтыны туралы пікірлерін оқушылармен жүргізілген сұхбаттар растайды:

«Ең бір бастысы ең бір жетістіктерінің бірі орыс тілінде барлықтарымыздың еркін сөйлегендігімізді айтсақ болады» (0-1-12-қаз).

Оқушылардың айтуынша, алғашқы кездерде оларға материалдарды орыс тілінде оқу үйреншікті болмай, кей кездерде жайсыздық тудыратын. Сонымен қатар, мектепке оқуға түскен кезінде орыс тілінде білім алатын оқушыларға қарағанда, қазақ тілінде білім алатын оқушылар арасында орыс тілін Т2 ретінде «нөлдік» немесе төмен деңгейде білетін оқушылар саны жоқтың қасы.

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізу (Ағылшын тілі Т3)

Негізгі қорытындылар:

(1) Тілдік дағдыларды дамытудағы прогресс;

(2) Тіл меңгеру деңгейін пәндерді ағылшын тілінде оқуға жеткілікті болатындай деңгейге жеткізу;

«Мысалы, мен орыс тілінен ағылшын тіліне аударғанды қойдым. Енді бірден ағылшынша сөйлеймін. Мен тіпті ағылшынша ойлай бастадым» (0-3-Көкшетау-12-орыс).

«Қазір бірнеше жыл оқығаннан кейін мен ағылшынша оқып, оның бірден ағылшынша мағынасын түсіне аламын» (0-2- Талдықорған-10-қаз-қыз бала).

Бүгінде, жалпылай алғанда барлық оқушылар ақпаратты басқа тілдерге қарағанда ағылшын тілінде оқыған оңайырақ екенін айтады. Бұның басты себебі - түрлі бағыттар бойынша көп көлемдегі және сапалы қолжетімді ақпараттың көбісі ағылшын тілінде болуы.

Шетелдік мұғалімдердің сұхбаттары негізінде жалпы орта мектепте оқушылардың белгілі бір бөлігі ағылшын тілін төмен деңгейде меңгеретіні анықталды. Басқа екі тілдегідей, ағылшын тіліндегі негізгі қиыншылықтар грамматика мен сөйлемді дұрыс құрастыру, жазылым дағдысын дамытуда туындайды

Педагогика және оқыту

Құжаттарға сәйкес


- Тілдік пәндерді оқытудағы коммуникативтік тәсілдеме
- Бір мұғалім – бір тіл
- Транслангуиджинг (Translanguaging)
- Топтық оқыту
- Пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) стратегиялары

Тәжірибе жүзінде


- Грамматикалық тәсілдемеге қайтып оралу (Ағылшын тілі)
- Үш тілде білім беру моделін бұрмалап түсіну
- Шапшаң аудару тәжірибесі
- Жергілікті мұғалімдер арасында ТЗ деңгейінің жеткіліксіздігі
- CLIL стратегияларының шектеулі санын қолдану, CLIL-ді жалтақ пайдалану; ТЗ-те оқытылатын пәндер барысында CLIL-дің шектеулі қолданылуы

Педагогика және оқыту: CLIL

3-ші диаграмма. Зияткерлік мектепке келуден бұрын пәндерді екінші/үшінші тілде оқыту тәжірибесі



4-ші диаграмма. ДББҰ-ның үштілділік шеңберінде өткізетін курстар менің тәжірибемді жақсартуға себептеседі




CLIL-ді пайдаланудағы қиыншылықтардың ықтимал себептерінің бірі - **мұғалімдердің пәндерді Т2 және Т3 тілдерінде оқыту және CLIL-ді қолдану тәжірибесінің жеткіліксіздігі.** Осылайша, мұғалімдердің 52,1%-ы Зияткерлік мектепке келуден бұрын Т2/Т3 тілдерде өткізілетін пәндерді оқытуда тәжірибеге ие болмады.


Сапасы жергілікті мұғалімдердің басым бөлігін (84,2%) қанағаттандыратын түрлі тренингтер мен оқыту семинарларының өткізілуіне қарамастан, **мұғалімдер әлі де болса CLIL тәсілдерін қолдануда кең қолдауды қажетсінеді** (сұхбат пен сабақтарды бақылауға негізделген тұжырым).

Педагогика және оқыту : CLIL (шетелдік мұғалімдер)

5-ші диаграмма. CLIL бойынша мектеп ішіндегі және мектептен тыс тренингтер



6-шы диаграмма. Үш тілде білім беру аясында педагогика бойынша мектеп ішіндегі курстарға қатысу




Зияткерлік мектептерде қызмет атқаратын шетелдік мұғалімдердің басым бөлігі (62%) CLIL бойынша оқытудан өткен жоқ

Шетелдік мұғалімдердің 60%-ы үш тілде білім беру аясында мектеп ішіндегі біліктілікті арттыру курстарына сирек қатысады

Мектеп ортасы

7-ші диаграмма. Үш тілді пайдалану



Орыс тілі тіпті қазақ тілі ана тілі болып табылатын оқушылар арасында да үстем тіл болып қалуда




Басқа факторлар

- ◉ Үнталандыру
- ◉ Бағалау
- ◉ Үздіксіз тілдік қолдау көрсетудің қажеттілігі
- ◉ Білім беру бағдарламасы
- ◉ Ресурстар
- ◉ Мұғалімдердің ынтымақтастығы
- ◉ Аймақтық ерекшеліктер
- ◉ Ата-аналардың хабардарлығы, отбасы тарапынан қолдау



Қорытындылар мен ұсыныстар

- Жергілікті және шетелдік мұғалімдер арасында үш тілде білім беруге қатысты бірыңғай түсінікті қалыптастыру;
- 7 сыныптағы қазақ Т2 деңгейі төмен оқушыларға қолдау көрсету механизмін әзірлеу (мысалы, екінші тілде пәнді енгізбей, қарқынды қазақ тілі курсын, жазғы курстар өткізу);
- Оқушылардың қазақ тілін үйренуге деген ынталарын арттыру;
- Жергілікті мұғалімдер арасында Т3 меңгеру деңгейін арттыру;
- Барлық мұғалімдер үшін CLIL-ді қолдану бойынша қосымша семинарлар өткізу;
- Жергілікті мұғалімдер үшін өткізілетін курстарға шетелдік мұғалімдерді белсенді тарту;
- Мектепте үш тілді пайдаланудың тепе-теңдігін қамтамасыздандыру;
- Екінші қазақ және орыс тілдерін меңгерудегі прогресті бақылау механизмін әзірлеу (CEFR)



Назарларыңызға
рахмет!